

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Жастар Рухы» қала тұрғындарын су маңындағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.ЖАРИЯЛАНДЫ
21.08.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/142708/>

17 тамыз Алматыда «**Қауіпсіз қала**» акциясы өтті. Акция «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанатының ұйымдастыруымен өткізілді. Жобаға «Жастар Рухы» Жастар қанаты Алматы қалалық филиалының төрағасы Кеңесов Әкежан, Алматы қаласы «Жастар ассамблеясының» төрағасы Торосян Анна және төтенше жағдайлар департаменті қатысты.

Жаздың ыстық айларында адамдар салқындау, демалу мақсатында көлге, өзенге тағы басқа су қоймаларына шомылуға барады. Алайда қауіпсіздік ережелерін елемеген азаматтар тек өздерінің ғана емес, балалары мен жақындарының өміріне қауіп төндіреді. Соңғы жылдары кішкентай бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің суға кету фактілері жиілегені байқалады.

«Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен бастау алған «Қауіпсіз қала» акциясының мақсаты – бала қауіпсіздігі үшін қала аумағындағы ашық жатқан люктерге, аулалардың жарықтандырылуы, үй жағдайында газ балондарының дұрыс орналасуы, қозғалыс, су айдындарындағы қауіпсіздік және кәмелет жасқа толмаған балалардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына рейд жұмыстарын жүргізу.



ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.